*«Арқалық қаласындағы облыстық*
**№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**
**Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**



# Інжудей асыл сөзді жырмен төккен

**/Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова 75 жаста/**

**(библиографиялық жаднама)**

**Арқалық, 2025**

*«Арқалық қаласындағы облыстық*
*№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ*
*Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

# Інжудей асыл сөзді жырмен төккен

**Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова 75 жаста**

**(библиографиялық жаднама)**

ӘОЖ 791
ҚБЖ 85.33
І 61

**Құрастырушы:** М.Г.Жумагалиева
**Шығарылымға жауапты:** Ж.К.Абжанова
**Мұқабаны безендірген:** М.Г.Жумагалиева
**Редактор:** С.А.Алматова

«Інжудей асыл сөзді жырмен төккен» [Мәтін] : (Қазақстанның халық ақыны, КСРО білім беру ісінің үздігі Әсия Беркенованың 75 жасқа толуына орай әзірленген) библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ; [құраст.; М.Г.Жумагалиева ; шығарылымға жауапты Ж.К.Абжанова ; ред. С.А.Алматова ]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 20 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі дайындаған библиографиялық жаднама кітапханашылар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

Шағын жаднамада ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 791
КБЖ 85.33
© М.Г.Жумагалиева

## Құрастырушыдан

Қазақтың табиғи болмысы мен мәдениетін айқындайтын ұлттың төлқұжаты іспеттес бекзат өнердің бірі – айтыс. XX ғасырда ұмытылып, ұлт жадынан өшіп бара жатқан халықтық өнерге заман сәулесін түсіріп, жандандырып, қайта түлеткен санаулы тума талантты дарындардың алдыңғы қатарында дүйім алаштың мақтанышына айналған айтыскер, халық ақыны Әсия Беркенова тұр. Ол ешкімнің тұғырына таласпай, табиғи талантымен өз ұясынан қанаттанып, өркендеп өскен, жаны тек жақсылықпен жарасып, жолына ақ киіз төсеулі айтыс ақыны.

Халқымыздың ауыз әдебиеті ішіндегі өз мәні мен маңызын жоймаған айтыс өнерінің сайыпқыраны болған тума талант Беркенова Әсия Әйіпқызының 75 жасқа толуына орай Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Інжудей асыл сөзді жырмен төккен» атты библиографиялық жадынаманы оқырмандар назарына ұсынады.

Бұл шағын жаднамада ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген. Жаднамадағы материалдар қазақ тілінде әзірленген және оған баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар деректер енгізілген.

Басылым жалпы оқырман қауымға арналған.

# Айтыс өнерінің аққуы

## Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың қайсарлығы мен шығармашылығы хақында

Талай республикалық айтыстарда топ жарып, өзінің суырыпсалмалық, тапқырлық қырларымен қазақ елін тәнті еткен Әсияның қашанда айтары мол.Оның құнды ойлары, тағылымды пікірлері, әсіресе, кейінгі айтыс өнеріне ден қойып жүрген іні-сіңілілеріне ғибрат болары сөзсіз.

Ол қазіргі Әулиекөл ауданына қарасты Ноғайкөл деп аталатын елдімекенде 1950 жылы, 22 сәуірде дүниеге келіп, сонда өсті.Өзінің өнерге құштар болып қалыптасуына ұлы атасы мен әкесінің тікелей ықпалы болған секілді.Себебі өнер де тұқым қуалайды деген бар емес пе?!

Ұлы атасы Кәкімжан замандастары арасында қазақтың қара домбырасына қосылып ән айтып, көптің алғысына бөленген соң оны жұрт «өлеңші Кәкімжан» деп те атап кеткен екен.Тіпті кішкентай кезінде ауылдастары: «Әсия сенің сөз саптасыңа шейін атаңа тартқан» деп отырады екен.

Ал әкесі Әйіп болса ақынжанды, өз ортасының гүлі болыпты. Жүрген жері ән-думан, әзіл-қалжың, тіпті хатты да өлеңмен жазатын көрінеді. Міне осындай қасиеттер бүгінгі кейіпкеріміз Әсияға да ерте жұққан.

Жалпы, халық ақынының үлкен бабасы Бірке деген кісі де өз заманының алдыңғы қатарлы азаматтары санатында еді.Ол кезінде мұсылмандықтың бес парызының бірі қажылықта болған. Арабша өте сауатты, білімді жан-ды. Сондықтан да оның айналасына ылғи өмір көрген пайым-парасаты жоғары кісілер жиналып, ақыл-кеңес сұрайтын.

Әсия Әйіпқызының анасы Ақтас та өнер десе ішкен асын жерге қоятын мінезді апаларымыздың бірі еді. Ол тек отбасы, ошақ қасында қалған адам емес. Қазақтың әсем әндерін қоңыр даусымен ерекше бір шеберлікпен орындайтын. Өзіне тән жұртшылықты тартып тұратын ерекшелік, сыршылдық сезілетін. Осындай асыл анадан туған Әсия қалай дарынды болып өспейді.

Ол анадан жалғыз туды. Бүкіл балалық шағы нағашысы Жұмағалидың тәрбиесінде өтті. Осынау аяулы кісі де қаражаяу адам емес еді. Домбыраны күмбірлете тарту өз алдына, әншілігі де керемет-ті. Ол аз десеңіз,кәдімгі күмістен сақина, білезік соғатын ұста болатын. Міне, осының бәрін де Әсия ес білгеннен көкірегіне тоқып, санасына сіңіріп, бой жетті. Әрі ол жылдарды ғұмырындағы ең бір айшықты, мәнді де мағыналы кезеңге санайды.

### Әсияның әншілік қырлары

Ол романстарды, қазақтың халық әндерін кәдімгі кәсіби әншілерден кем орындамайды. Дауысы өте ашық, кез келген тыңдармандардың жүрегін баурайды, теңіздей тебірентеді.Ол 60 жасқа толған мерейтойында да өзінің қайталанбас даусы бар әнші екендігін жиналған қауымға әбден дәлелдеді. Қалың жұртшылық сол сәтте сахнадан халық ақынын емес, халық артисін көргендей күйді бастан кешті.

5-6 жасында сахнада астына аласа орындықты қойып, ән шырқайтын. Балауса қыздың таудай талабына ауылдастары кәдімгідей ризашылықпен қол соғып, қанаттандыратын.

Сол кезде нағашысы Жұмағали ағаның жасаған домбырасымен «Елім-ай», «Қалқа» секілді әндерді аса бір шабытпен әрі жүрекпен шырқаушы еді.

Ауылдағы жалғыз орыс Иван Балабановтың тартқан сырнайына қосылып ән салатын.Әсияның осы құштарлығын көрген анасы оған сырнай сатып әперіп еді. Кешкі ауылда Әсия сырнаймен әндетіп, ауылдастарын рахатқа бөлеуші еді.

## Шығарманы өлеңмен жазып шықты

Әсия ұлтымызға көптеген ірі тұлғалар берген Әулиекөл ауданындағы Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебін 1967 жылы бітірді. Өзін өнерге баулып, ақындық талантын ашқан да осы білім ордасы деп есептейді. Оны әрқашан да жүрген ортасында, шығармашылық кештерінде аузынан тастамай айтып жүреді.

Әдебиетке деген құштарлығы да осы білімнің қара шаңырағында оянып, поэзияға деген іңкәрлігі барынша арта түсті.Тырнақалды шығармаларын осында жазды. Мектептегі қабырға газетіне редактор болды. Осы газетте білім ордасындағы үлгерімі төмен, тәртібі нашар оқушыларды сын садағына алып отыратын. Сөйтіп, оқушыларды тәрбиелеуге ықпалын тигізуші еді. Шығармаларына әрқашан өлеңді қосып отыратын. Тіпті мектепті бітірердегі мемлекеттік емтиханда ұлы ақынымыз Ілияс Жансүгіровтің атақты «Құлагер» поэмасынан келген тақырыпты ол өлеңмен жазып шықты.Оның талантын ұстаздары да жоғары бағалады.Әсияның болашағынан үлкен үміт күтті. Егер тынымсыз ізденіп, алға қарай ұмтыла түссе,одан келешекте үлкен ақын шығатындығына нық сенді.Сол кездегі Сағындық Досмағамбетов, Қаратай Сәрсембаев, Күләш Құрманова секілді ұстаздарының өзіне сіңірген еңбегін ешқашан да ұмытпайды.

Есімі күллі Қостанай өңіріне белгілі, кезінде Әулиекөл аудандық газетінің редакторы болған Сағындық ағамыз өзінің «Сөйле десең,сөйлейін» деген кітабында Әсекеңнің өзгеге ұқсай бермейтін дара дарыны жөнінде: «Саф алтындай жыры, бұлбұл құстай үні бар ақын» деп жазады. Әулиекөл ауданының құрметті азаматы Сәкең сонау 1964 жылы Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп келген соң сонда домбыра оркестрі мен драма үйірмесін құрды. Оның талантты шәкірті Әсия да ағасының тәлімгерлігімен сахнаға біржола ден қойды. Классик жазушымыз Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі Шұға бейнесін шеберлікпен сомдады.

Жалпы Әсекең ол мектептегі 53 түлектің ішінен топ жарып, емтиханды үздік аяқтады.Содан намысты бойжеткен орыс тілін өзге ұлттардан артық білмесе, кем білмеуге тырысып, сонау Алматы қаласына жолға шықты. Оның жолы болып, сол шаһардағы жалғыз Қазақ қыздар педагогикалық институтына құжатын тапсырды.Бұл жерден орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып

шықты.Әсия жоғары оқу орнында да өзінің өнерге деген талпынысын ұштап, шеберлігін барынша шыңдады.Аты бүкіл елімізге танымал «Айгүл» ансамблінің құрамында домбырамен асқақтата ән салды.

Осы білімнің қара шаңырағында жүрген кезінде де өзінің белсенді, табанды, айтқанынан қайтпайтын батыл мінезді бойжеткен екенін дәлелдеді.

Сол оқу орнында оқып жүргенде 1971 жылы өзінің өмірлік жары Табылды ағамен некелерін қиып, шаңырақ көтереді. 1972 жылы оқу орнын аяқтаған соң арнайы жолдамамен Қостанай облысындағы Наурызым ауданына қарасты Соснов орта мектебіне жұмысқа жіберілді.

Оны мұндағы әріптестері де құшақ жая қарсы алды. Жас маман да алғашқы сәттен бастап, мұғалімдерге өзінің тиянақты білім алғандығын, өз пәніне аса жетіктігін ұйымдастырушылық қабілетінің мықты екендігін іс жүзінде көрсетті.

Уақыт өте басқа да қырларымен танылa бастады. Осы жердегі кеңшарда көркемөнерпаздар үйірмесін құрып, әрбір бейсенбіде шопандар, сенбі-жексенбіде диқандар арасында болып, концерт қойды. Өзі әнді нәшіне келтіре орындаумен қатар, жүргізуші де болды.

Оның елі мен халқына сіңірген еңбегін, жас ұрпақты тәрбиелеудегі өнегелі істерін жерлестері мен билік басындағылар да көре білді. Ол ауылдық, аудандық, облыстық кеңестен бастап, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына дейін сайланды.Халық қалаулысы атанған соң өзіне жүктелген сенімді барынша ақтауға тырысты. Сол биіктен көріне де білді. Осы жылдарда өзін қай жағынан болсын шыңдады, үлкен өмір мектебінен өтті. Алайда бір сәтте әншілігі мен ақындық шығармашылығын тоқтатқан емес. Ұдайы ізденіс үстінде болды.

## Айтыс өнерінде өзіндік орны бар

Күллі еліміз Әсияны ең алдымен айтыс ақыны ретінде таниды, біледі. Алыста жүрсе де тілектес болып отырады. Өйткені ол сахнада өзін қашан да еркін ұстайды. Ақынға тән мәдениет пен этиканы берік ұстанады.

Зиялы қауымға елімізде 1980 жылдан бастап, айтыс өнері қайтадан қолға алынып, жандана бастағаны белгілі. Сол кезде Қостанай өңірінде де бұрыннан келе жатқан айтыс жанданды. 1982жылы ол сол кездері Наурызым аудандық мәдениет бөлімін басқарған ұлтжанды азамат Есетай Қалқаевқа жолығып, айтысты қолға алу жөнінде өзінің ұсынысын білдірді.Әрине, халық арасында үлкен беделге ие болған қазақ қызының бұл идеясы қолдау тауып, жүзеге асты. Дегенмен ол үшін 1984 жылы Алматыда Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығында Қонысбай Әбіловпен айтысының орны ерекше. Осы айтыста Әсия апамыз жүлделі 1-орынды жеңіп алды. Сол сәттен бастап есімі бүкіл елімізге танылды.

Өзі айтыскер ақын ретінде тұңғыш рет шыққан 1980 жылдардағы айтыстарда әлеуметтік-саяси мәселелерді көтеруге ерекше басымдық берілетіндігін, сол кездегі көтерілген мәселелер халықтың есінде қалғандығын бір сұхбатында тілге тиек еткен еді. Сол өзі айтысқа өзек еткен кейбір өткір

мәселелердің шешімі табылғандығын нақты деректер келтіре отырып, баяндап берген.Мысалы, ол 1991 жылы бір айтыста:

«Тұр әлі Голощекин станциясы,
Тарихтың жыртылмайтын бетіндей боп», – деген еді.

Кейін осы станцияның аты Түйелі болып өзгергенінен қалың оқырман қауым хабардар шығар.

Жалпы,Әсекең әріптестерінің арасынан бәрінің атын атап, түсін түстемегенмен Арқалық қаласында тұратын белгілі айтыс ақыны Айбек Қалиевтің болашағынан үлкен үміт күтетіндігін мақтанышпен айтады.

Әсия апамыз тек Қазақстанның халық ақыны ғана емес, жастардың сүйікті тәлімгері. 2000 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына қызметке шақырылып, сол жерден жас ақындар сыныбын ашты.Осы жерде он жыл ішінде бойларында талант ұшқыны бар жастарды сөз өнеріне, айтыстың қыр-сырына баулыды. Сондай-ақ 2001 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры, марқұм, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зұлқарнай Алдамжардың ұсынысымен осы өңірдегі беделді оқу орнына жауапты қызметке кірісіп, осы жаңа орында да ақындар сыныбын ашты. Оларды айтыс өнеріне бағыттады. Өткен жылдардағы шығармашылық ізденіс, тынымсыз тер төгу өз жемісін берді. Бертін келе, аталмыш айтыс мектебі өнер студиясына айналды. Сөйтіп оның ауқымы да кеңейді.

Әсия Әйіпқызынан дәріс алған Мешіт Ғазиз, Нұрқанат Бұқабаев, Жандос Жүсіпбеков, Саят Әбенов секілді шәкірттер халықаралық «Шабыт» фестиваліне қатысып, жүлдегер атанды. Олар ұстаздары Әсия Әйіпқызын ешқашан ұмытпайды. Мерекелерде құттықтап, ең ізгі лебіздерін білдіреді.

Әсия апамыз қазақ қызы деген ардақты атты әрдайым жоғары қояды. Олардың бойынан ұлтымызға тән инабаттылық, ибалылық секілді қасиеттерді көргісі келеді.

Қорыта айтарым, шығармашылығы ойда тоқылар, айтыс әлеміндегі жанқиярлық жолдары жастар жадында сақталар, оқушыларына берген дәрістері эсте ұмытылмас, үлгі-өнегелік тағылымы көкейде жүрер қазақтың қарапайым бір қызы Әсия Әйіпқызы Беркенованың өмірі ұзақ, бақытты болып, берер тағылымы тоқтамасын!

*Оразалы Жақсанов*

# Ақынның әр кезеңдегі жеке суреттері








**Өнердегі достары және әріптестерімен**








**Әсия Беркенова** **Мұхаммеджан Тазабеков**



## Әсия айтыпты



**Әсия Беркенова – қазақ айтысының ақиығы, жыр бұлбұлы. Биыл ақтаңгердің мерейтой жылы. Жерлесіміз хақында ел аузында жүрген езу тартар әңгіменің бір парасын кейіпкеріміздің келісімімен назарларыңызға ұсынамыз.**

### Қарындастың қалжыңы

Ұлы Жамбылдың 150 жылдығына арналған айтысқа Ресейден омбылық Аманкелді деген ақын келіпті. Өзі аққөңіл, даусы гүрілдеген кісі екен. «Қазақстан» қонақүйіндегі лифтен шыға бергенде, Әсияға сол кісі қарсы жолығып қалады да:

- Ой, айналайын қарындасым-ай,- деп бетінен сүйеді. Несібелі туған ағасының аузына бір беті тұтас сыйып кеткендей болған Әсия:
- Аға-ай, бұлай сүйгенше бетіме банкі сала салмадыңыз ба?- депті.

### «Адам өлтірген» әзіл

Павлодар облысында төкпе ақын Иса Байзақовтың 90 жылдығына арналған айтыстан соң қонақасы беріледі. Сонда ұлтаралық қатынастар бөлімінде істейтін бір орыс азаматы Әсияның орыс тілі маманы екенін естіген болуы керек «ақаңа» тойып алып:

- Асия, ты молодец...Еще ваш Абай говорил, чтобы казахи изучали русский язык, уважали русских,- дейді. Сонда Әсия:
- Каких русских знал наш Абай?! Он знал Пушкина, Достаевского. Имел ввиду их язык. Если бы он видел тебя, Ивана, он бы нам другое завещание оставил,-депті. Иван:
- Ты меня «убила» деп зытып беріпті.

### Құлақ пен манты

Егемендіктің бір жылдығына арналған республикалық ақындар айтысында Әсия бірінші айналымда тараздық Шорабек Айдаровпен шығады. Бір кезектен кейін Шора Әсияның айтқандарын «естімеймін» деп сахнада безек қағады.

Сонда Әсия:

- Десең де маған «жүзің салқын еді»,
  Тыңдауда алты Алаштың халқы мені.
  «Естімеймін» дейсің сен, жағындағы
  Жабысқан құлақ емес, манты ма еді? – депті.

Айтыс бітіп, қорытындысы жарияланғанда төраға болған Фариза Оңғарсынова апамыз: «Шорабектің құлағының мүкісі бар екен. Әсияға обал болды, бірақ көтермелеу сыйлығына 400 рубль береміз», - дейді. Сонда Әсия сыйақыны алып тұрып:

Ашылмай айтысқанмен жыр бұлағы,
Шабытым шынар құздан бір құлады.
Шорабек тұтасымен қымбат шығар,
400 сом тұрады екен бір құлағы, -деген екен.

**Дүлдүл мен тұлпар**

Халық ақыны Әсия Беркеноваға Санай телефон соғып:

- Айтыс қашан болады? – деп сұрайды, Әсия айтыс өтіп кеткенін айтады. Санай:
- Қап, онда менің Дүлдүлім мен Тұлпарым қалып қойған екен ғой, - депті. Әсия:
- Сіз қайдағы ат жарысын айтып отырсыз? – дейді. Сонда Санай реніш білдіріп:
- Ат жарысын айтып отырған жоқпын, ақындар айтысын айтып отырмын. Дүлдүл мен Тұлпар менің балаларымның аттары! – депті.

**«Онша страшный емессіз»**

Үлкен бір республикалық айтыстан соң Әсия мен Қанша екеуі қонақүйге келе жатыпты. Әсияның көңілсіз күйде екенін байқаған Қанша:

- Әсеке, жүлделі орын алдыңыз ғой енді, неге мұңайып келе жатсыз? - дейді.
- Қайтейін, бәрі «қар қызы», «көк мұз», «қатып қалған», «бір жібімейді», «күлмейді» деп тиісіп қоймайды. Маған осы сөздер оңай дейсің бе? –десе, Қанша жұбатып:
- Ой, қойыңызшы! Ештеңе етпейді, онша страшный емессіз ғой,- депті.

*«Қостанай таңы» газеті,2015 жыл*

## Ақынның өлең-жырларынан

### Ыбырайдың ізін басып келесің

Келбетіңнен көрмесем де күз лебін,
Жанарыңда жастық моншақ тізбегін.
Екі отызды құт болсын деп айтуға,
Көңілімнен көл сезімді іздедім.

Күз келді деп жүрмес көңіл бұзылып,
Өткен күннің өшпейтұғын ізін ұқ.
Өміріңнің күн парағын ақтарсаң,
Екі отызың еске түсер тізіліп.

Есеюді бастап ерен еңбекпен,
Қайсар қызсың білім нәрін селдеткен.
Ыбырайдың ізін басып келесің,
Дарындардың дәнін егіп тер төккен.

Тек аналық ұғып сенен сырды шын,
Шәкірттерің ұшырады жыл құсын.
Жас маманды мәпелейсің мектепте,
Ұлы ұстаздың ұластырып үлгісін.

Пейілің бар кейде шалқар дария,
«Қыз – өрісің» бұл белгілі қағида.
Қартаймайсың, асыл анаң тұрғанда,
Қыз, келіншек, жар және әже Сәбира!

Тауыспаспыз мерей жасты толғап еш,
Бақыт атты құтылмаған тордан еш.
Ғасыр саған сәлем берер ғұмыр кеш,
Әйел жасы, бірақ, дайым жиырма бес!

### Құбылмалы тіршілік

Тіршілік бұл өмірде құбылмалы,
Адамның күмән емес өзгерері.
Көзге ұрып тұр бүгінде мұның бәрі,
Естігенді әрине көз көреді.

Кеше ғана сөйлескен қауқылдасып,
Бір танысым қарасам басқа бүгін:
Сөйлесетін жолықса мауқын басып,
Сызданады, байқатып басқа адымын.

Бұрын кішіпейілмін «сіз» дейтұғын,
«Сен» дейтұғын болыпты көңіл өсіп.
Өзгермейтін адамдық іздейтінім,
Маған адал ашқалы өмір есік.

Әрине,заңы өмірдің құбылмалы,
Ылғи жайнай бермейді гүл өңінде.
Пәк жанымның пасықтан ұғынғаны –
Тек адам тез өзгерер бұл өмірде.



# ОСИЯ БЕРКЕНОВА, Қазақстанның халық ақыны

...жаулық

## «Жыр мен жаным үстінде бір кеменің»

## Айна

## Үйімде әйелмін тек қарапайым

## Қайда екенсің...

# Баспа беттеріндегі ақынның мақалалары



## «Ұлылықтың ұларына айналып...»



## Әр нәрсенің жөні бар

**Қазақтың тойы қандай болу керектігі жөнінде менің айтар ойым ақиқаттың ақырғы жатысы демеймін. Өзімнің пікірім, сондықтан менің ойыммен келісетіндер де, келіспейтіндер де болар, бұл заңды дүние.**

«Жиған-тергенің тойға шашылсын» деген таныммен қалыптасқан ұрпақпыз ғой. Ел ішінде індет етек алып, карантин, шектеу деген шараларға мойынсұнғанға дейін біз негізі әр нәрсенің себебін іздеп, соның артын тойға айналдыруды әдет еткен халықпыз. Қазақ үшін әр аптаның соңғы екі күні демалыс күн емес, той күніне айналып кетті. Үйлену тойы, бесік той, сүндет той, мерейтой, мүшел той, әйтеуір бір бітпейтін той.

Бірақ әр нәрсенің өзінің реті, жөні бар. «Қаздың жүрісін саламын деп, қарғаның шаты айрылыпты» демекші, жағдайы бар, қалтасы қалың қазақтардың оңды-солды шашқан тойын көріп, «мен солардан кеммін бе?!» деген жалған намыспен қарыз алып, қауғаланып той жасап жататындар бар. Мен осыған қарсымын. Әркім қалтасына қарап көсілуі керек.

Енді біреулер орынсыз бір себептерді ойлап тауып, сауын айтып аста-төк той жасап, өзінің барлығын, байлығын көрсетіп қалғысы келіп тырыштанып жатқаны да көзге түсіп қалады. Осындай келеңсіз мінездерден арылатын кез жеткен сияқты. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Осы күні қарап отырсаң, құдалық, қыз ұзату сияқты қуаныштарда әйтеуір регін тауып өмірі естімеген неше түрлі салт-жоралғыны ойлап тауып жатады. Оның артынан сол бағы есепсіз ысырап, орынсыз шашылу сияқты даңғойлық еріп жүреді. Осыны көріп кейде күйінесің. Өйткені өзіміз ауылда, ата-әжелеріміздің өнегесін көріп өстік. Барға қанағат етіп, етін асып, дастарқанына бауырсағы мен жентін қойып-ақ тойлағандар ешкімнен кем болып қалған жоқ. Үлкендердің бата-тілегімен бағы жанып, бүгінде үбірлі-шүбірлі болып, өздері де келін түсіріп, қыз ұзатып отыр. Әрине қазір той жасамай ақ айтатын заман емес, әркімнің еркі өзінде. Бірақ қазір той жасағанда әр нәрсені шама-шарқына, сән-салтанатына, мән-мағынасына қарай өлшеп-пішіп, ысырап пен астамшылдыққа бой ұрудан сақ болуымыз керек сияқты.

**Әсия БЕРКЕНОВА,**
Қазақстанның халық ақыны

ҚОСТАНАЙ



Әсия Беркенова:

## «Тәуелсіздік айтысқа жаңа леп әкелді»

### «Жүрсін Ерманның еңбегі ересен»

### Адамның мінезі — адамның тағдыры

### «Сахнада сыртым суық көрінгенмен...»

# Ақын жайлы мақалалардан



АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АҚҚУЫ

Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың қайсарлығы мен шығармашылығы хақында



БІР АЙТЫСПЕН БІРНЕШЕ ЖҮЛДЕ АЛЫП...



ТҰЛҒАЛЫ АҚЫН, ДАРАБОЗ АЙТЫСК

немесе жыр уызы бұйырған жөргегінде

# Ақынға арнау

**Жыр шағала ұшырып жүрегіңнен...**
**(Қазақстанның халық ақыны Әсия Әйіпқызы Беркеноваға)**

Суырып шыңыраудан сөз алмасын,
Бәйгеге қостың жарау жыр жорғасын.
Арқада сен тұрғыздың оқшаулатып,
Айтыстың алтын күмбез Ақордасын.

Талап, жігер қашанда өтеледі,
Қыдыр болып жыр сені жетеледі.
Бөліп берсе егерде талантыңды,
Орта қол жүз ақынға жетер еді.

Жыр-шағала ұшырып жүрегіңнен,
Ой толқыттың көңілдің тереңінен.
Өзің болдың айтыстың ақтангері,
Жыр-көкпардың жүлдесін еншілеген.

Туған елдің даласын, тау-қиясын,
Аралаумен нәр сөзден бал жиясың.
Халық болып көтерер төбесіне,
Қостанайлық әйгілі Әсиясын.

Еркін шықтың айтыстың айдынына,
Көп ақындар кезікті айбыныңа.
Тура бидей тура айтсаң сахнада,
Қалған жоқсың ешкімнің айыбына.

Сен салсаң халық әнін әуелетіп,
Қалады талайлардың есі кетіп.
Сен тіктің Алматы Қостанайдың,
Ақ туын айтыстағы желбіретіп.

Өнердің еркін жүзіп кемесімен,
Өттің сен талай сынақ кермесінен.
Тұлпардай топқа түсіп, топ жарғаның,
Кетпейді мәңгілікке ел есінен.

Сездіріп талант лебін Әулиекөлде,
Танылдың әйгі болып тәмам елге.
Атансаң да халықтың ақыны боп,
Келесің басыңды иіп туған жерге.

Шабытың бар шалқыған теңіздейін,
Сен емессің сарқылар өзгедейін.
Жасағаннан тілеймін Жамбыл жасын,
Жұп жазбауға жырыңмен жүзге дейін

*Ғұмар Ахметчин.*
*Қазақстан жазушылар одағының*
*мүшесі, мәдениет қайраткері.*
*2000 жылдың 16 тамызы*

## Халық құрметіне бөленген ақын







## Жазушы Әбіш Кекілбаевтың Әсия Әйіпқызына жазған құттықтау хаты

### Сөз құдіреті

**2000 жылғы тамыздың бас кезінде Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова 50 жасқа толды. Ақынның әдемі көркіне, кеңпейілді, дарқан мінезіне қарай аспаннан күн сәулесі жерге түсіп, дүние жарқырап кетті. Бәріміз мерейтойға байланысты Елубай Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының залына жиналдық. Залда ине шаншар жер жоқ, іші халыққа лық толы.**

Әсия Әйіпқызының атына жылы ...біздер айтылып жатыр. Бір кезде ...қстан Республикасының Мемле...тік хатшысы Әбіш Кекілбайұлының ...тықтауы оқылды.

«Аса қадірлі Әсия! Сіз қазақ жыры...н шалқар айдынына аққу болып ...ып, ұғына білер көңіл мен сүйсіне ...ер көзді бірдей қуантып келгенсіз.

Ерекше дарыныңыз бен азаматтық ...рымыңыз жұртшылықтың ыстық ...ласы мен шынайы құрметіне ие етті. Дәрмені бітті деп жүрген ежелгі өнерді ...та дәурендетіп, тарихтың талқылы тартысты кезеңінде халқымыздың кеткен қапысын түгендеп, еліміздің жығылған еңсесін көтеруге қызмет еткізе білген айтулы айтыскер ақындар көшбасшыларының біріне айналдыңыз.

Сіздің биік адамгершілікке, отаншылдық пен елжандылыққа, абзал азаматтық мұраттарға шақыратын шабытты шығармашылық еңбегіңіз әрдайым халық көңілінен шыға берерiне сенім зор.

Өлеңіңіздей көркем, арманыңыздай асқақ өмір сүріп, мерейіңіз тасып, өркеніңіз өсе беруіне тілектестік білдіремін.

Зор құрметпен Әбіш Кекілбайұлы.
Астана. Тамыз, 2000 жыл.»

Әбіш Кекілбайұлының көркем, шебер тілмен жазған сөздері халықты ұйытып, баурап алды. Жүргізуші де мәнерлеп, бар даусымен көңілді әуеннің ақырын сүйемелдеуімен нақыштап, келістіріп оқыды. Құттықтау оқылып болған соң сілтідей тынып қалған адамдар ұзақ қол шапалақтады. Әбіш ағаның терең пайымды, жан тебірентер сөздері әсер етті ме, сахна төрінде тұрған Әсия Беркенованың көзіне жас тамшылары үйірілді. Мен де осы сәтте толқып, көңілім босап, өзімді әзер тежеп қалдым. Қылқалам шеберінің қазақ тілінің байлығын күн нұрындай таратып, адам жанын толқытып, сөз құдіретін елге сездіргені қандай ғажап десеңізші!

**Есенгелді СҮЙІНОВ,**
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

## Марапаттары

Өзінің шығармашылық жұмысы кезеңінде Әсия Беркенова көптеген марапаттарға ие болды:
1990 ж. – ұлттық айтыс өнерінде биік нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Қазақ КСР халық» құрметті атағы;
2006 ж. – «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медалі;
2005 ж. – «Әулиекөл ауданының құрметті азаматы»;
2016 ж. – «Қостанай қаласының құрметті азаматы»;
2016 ж. – «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалі;
2017 ж. – өңірдің әлеуметтік-мәдени дамуына ерекше үлес қосқаны үшін «Қостанай облысының құрметті азаматы»;
«Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» төсбелгісі;
«Қазақстан Республикасының білім саласының құрметті қызметкері» төсбелгісі;
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі;
Айтыс өнері мен педагогика саласына сіңірген еңбегі үшін «Құрмет» ордені (ҚР Президентінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы жарлығы);
Қостанай меценаттар клубы сыйлығының бірнеше мәрте лауреаты: «Музыкалық өнер» аталымы бойынша «Қазына» сыйлығы (2009 ж.), «Шығармашылық ұжымның жетекшісі» аталымы бойынша «Қазына» сыйлығы (2015 ж.),«Қазына» арнайы сыйлығы (2017 ж.);
Халық ақыны Омар Шипин атындағы сыйлықтың лауреаты;
Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ресей жәнеҚазақстан ақындарының арасында өткен халықаралық ақындар айтысының лауреаты.

**Мазмұны**

1. Құрастырушыдан........................................................................3
2. Айтыс өнерінің аққуы..................................................................4-7
3. Ақынның әр кезеңдегі жеке суреттері..............................................8
4. Өнердегі достары және әріптестерімен............................................9-10
5. Әсия айтыпты...............................................................................11-12
6. Ақынның өлең-жырларынан...........................................................13-14
7. Баспа беттеріндегі ақынның мақалалары.......................................15
8. Ақын жайлы мақалалардан...............................................................16
9. Ақынға арнау...................................................................................17
10. Халық құрметіне бөленген ақын......................................................18
11. Марапаттары...................................................................................19

**Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова**
**Құрастырушы: М.Г.Жумагалиева**
**Редакторы: С.А.Алматова**

**Басуға 21.04.2025 ж. қол қойылды.**
**Қаріп түрі: Times New Roman.**
**Басылымның көлемі: 5**
**Таралымы: 3 дана.**

**Арқалық қаласындағы**
**облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.**
**Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.**
**E – mail:arkounb@mail.ru**